



Жаңа талаптар жүктелді

ҚазҰУ қоржыны тағы бір жетістікпен толықты. Қасиетті қара шаңырақ Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингісі бойынша 1000 позицияға жоғарылап, Орталық Азия аймағындағы ЖОО арасында көшбасшы орынға ие болды. 25 ақпанда өткен ректорат мәжілісінде Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев ұжымды жоғары нәтижесімен құттықтады.

Жылына екі рет жүргізілетін аталмыш рейтинг көрсеткіштеріне әлемнің жетекші университеттері көз тігіп отыр. «Онда әлемнің 20 мың университеті сарапталады. 2012 жылғы тамыз айындағы қорытынды бойынша 3013-орында болсақ, енді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2002-орынға аяқ тіреді», – деп бастады ол өз сөзін. Сондай-ақ бірінші проректор Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингісінің өзге сайттардан кіріп шығу, университет сайтындағы Google-да танылған беттер көлемі, әр түрлі форматтағы ақпараттар және Google Scholar-да қамтылған ғылыми жарияланымдар дерекқоры, Science direct Scopus әлемнің ең көп сілтеме жасалынатын мақалаларының 10%-ына енетін ғылыми мақалаларда университет және сайтының аталуы атты 4 бөлімі бойынша университет көрсеткіштеріне тоқталды. «Демек, бүгінгі бәсекелестік заманда университет позициясын сақтау және бекіте түсу үшін әрбір факультет және кафедралар білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, әлеуметтік тәрбие, студенттер тыныс-тіршілігі мен студенттер үйі жайында жаңа беттер ұсыну арқылы ортақ көлемді арттыру керек», – деді Мұхамбетқали Мырзабайұлы. Оған қоса өзге тілдердегі беттер санын көбейту, pdf, doc, docx, ppt форматтарындағы ақпараттарды қамту, дерекқордағы ғылыми жарияланымдар санын арттыру, академиялық файлдар: сила-бустар, дәріс материалдарын

енгізу керектігі айтылды. Әрбір факультет пен кафедраға ғылыми институттар мен орталықтар сайты дайындау тапсырылды.

Жетістіктің биік дәрежемен қоса, зор жауапкершілік жүктейтіні баршаға аян. Университет басшысы Ғалым Мұтанов қол жеткен табыстарға тоқтала отырып, осыны еске салды. Сонымен қатар мәжіліс төрағасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын түсіндіру, насихаттау бағытында көптеген талқылаулар жасалғанын тілге тиек ете отырып, Жолдау тапсырмаларын жүзеге асыруға шақырды. Осы ретте әрбір факультет декандары Стратегия аясында кафедралар мен факультеттердің бәсекелік артықшылықтарына негізделген серпінді жобаларын ұсынды. Олар университетіміздің беделін нығайтып, асқақтата түсетін, әлемге танытатын, ғылымға негізделген үздік жобалар болады деп күтілуде. Ендеше, оның маңыздылығын ұғынған көпшілік қауым сөз алған факультет басшыларының сөзіне мұқият құлақ түрді. Кафедралар мен факультеттердің сәтті деп табылған серпінді жобаларын жүзеге асыру жүктелсе, әлі де пысықтай түсер жобаларға нақты ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ ректор Ғалым Мұтанұлы декандардың жұмыс берушілер кеңесінің жұмысы жөніндегі ақпараттарын да жіті қадағалап, ескертулер мен ұсыныстарын білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

III съезд ректоров университетов Азии в 2014 году пройдет в Казахстане на базе КазНУ им. аль-Фараби

Asian сейшн в КазНУ

За право проведения мероприятия высокого международного уровня боролись более 20-ти вузов Азиатско-Тихоокеанского региона. Оргкомитет съезда, учитывая большой интерес многих зарубежных вузов к опыту трансформации КазНУ в исследовательский университет, его достижения в продвижении в мировых рейтингах, принял решение провести форум в казахстанском вузе.

«Это является показателем высокой конкурентоспособности университета в международном масштабе, эффективности менеджмента и правильности стратегического курса развития. Несомненно, это повышает и узнаваемость КазНУ, способствует установлению про-

чных связей с ведущими вузами мира, обмена передовым опытом», – считает первый проректор КазНУ, профессор Мухамбетқали Бүркітбаев.

Во время визита в КазНУ заместитель генерального директора ЮНЕСКО по вопросам образования Цянь Тан подчеркнул, что проведение в Казахстане съезда ректоров университетов Азии является важным шагом к сближению и интенсивному диалогу между вузами в поиске новых путей их развития и сотрудничества в научно-образовательной сфере.

Ранее съезды проводились в Сеульском университете (Южная Корея) и в университете Чулалонкорн (Тайланд).

Соб. корр.

RANKING WEB OF UNIVERSITIES



По оценке международного рейтингового агентства Webometrics Ranking of World Universities КазНУ им. аль-Фараби является лидером среди вузов Центрально-азиатского региона.

Web успех

За два последних года КазНУ показал хорошую динамику продвижения в web-рейтинге, поднявшись на более чем 4200 позиций и заняв 2002-ое место среди 20 тыс. вузов мира. По мнению экспертов, это – результат системной и успешной работы коллектива университета по позиционированию в глобальном научно-образовательном пространстве.

Вебметрикс анализирует

веб-сайты высших учебных заведений мира, определяет их уровень, оценивает деятельность вузов и их влияние на сообщество по таким индикаторам, как: объем веб-домена, наличие полезной научной и образовательной информации для студентов, преподавателей и других пользователей, количество ссылок и др.

Пресс-служба КазНУ

БҮГІНГІ САНДА:

СТРАТЕГИЯ НАСИХАТТАЛДЫ



БҮГІНГІ САНДА:

МЫ В ОДН



БҮГІНГІ САНДА:

МЕДЕУДЕГ ҚАЗҰУ КҮНІ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТТІ



Кезекті ректорат отырысында игі дәстүр жалғасын тапты. Ректор Ғалым Мұтанов күн тәртібіндегі сұрақтарға көшпес бұрын шәкіртақы мен алғыс хаттар табыстау рәсіміне кезек берді.

Шәкіртақы табысталды

Сонымен аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының тағайындаған шәкіртақыларына оқудағы үздік нәтижесі және қоғамдық жұмыстағы белсенділігі үшін «аударма ісі» мамандығының 3-курс студенті Гүлнұр Иген мен аталмыш мамандықтың 1-курс студенті Наурызбай Әбдрәсіл ие болды.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбаева әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жастар саясатын ұйымдастыру мен

іске асыру жолындағы үлкен еңбегі үшін Сәуле Сырымқызына арналған алғыс хатпен таныстырды. Ректор Ғалым Мұтанұлы табыстаған алғыс хат иесі ҚазҰУ ұжымына үлкен рахметін білдірді. Ол ҚазҰУ жастарының еліміздің түкпір-түкпірінде, саясатта да қызмет етіп жүргенін, қаншама талантты жасты шыңдағанын атап өтті.

Сондай-ақ бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем

тілдері университеті ректорының кубогында «Бейн-ринг» іріктеу турнирінде 1-орын иеленген химия және химиялық технология факультетінің студенттерінен құралған «Легион» командасын құттықтады. Жеңіске жеткен команда мүшелері: Қайратжан Жамишев, Радик Маметов, Ерлан Сабилов, Камилла Умбеткалиевалар кубок және дипломдармен марапатталды.

Өз тілшімізден

www.kaznu.kz

В рамках проекта «Айналанды нұрландыр», инициированного ректором КазНУ Г.Мутановым, студенческая волонтерская организация «Көмек» провела благотворительное мероприятие.

Для детей сирот и детей с ограниченными возможностями школ-интернатов и детских домов г.Алматы проведен конкурс «Жарқын жұлдыз». Участники мероприятия показали свои таланты – они читали стихи, пели песни и танцевали. Обладателем звания «Жарқын жұлдыз» стал воспитанник школы-интерната №4 Думан Смаков. После концерта дети получили подарки от профсоюза «Парасат» работников КазНУ и студенческого профсоюза «Сұңқар».

* * *

ҚазҰУ-да студенттерге Алматыда 2017 жылы өтетін Универсиада ойындарымен таныстыру сабағы өтті. Кездесуді белгілі тележүргізуші Серік Ақышев жүргізді.

50 жылда астам тарихы бар универсиада ойындары ҚазҰУ студенттері үшін де өте маңызды. Басты мақсат – студенттер арасында насихат жұмыстарын жүргізу, еріктілер қатарына жазылуға шақыру және Универсиадаға қойылатын талаптармен таныстыру. Арнайы дайындалған видеороликті тамашалаған студенттер, универсиадаға қандай спорт түрлерінен, Алматыда қай спорт кешендерінде өтетіндігі туралы толық ақпарат алды. Жастар спортпен шұғылданып, өз дайындықтарын шыңдай түсуге, жарысқа жан-жақты дайындықты бастағандығын айтты.

* * *

28 февраля на юридическом факультете КазНУ в рамках Халиковских чтений состоится Международная научно-практическая конференция «Концептуальные направления развития судебной и правоохранительной системы: республиканский и международно-правовой опыт».

Участники мероприятия обсудят основные направления судебно-правовой реформы, вопросы совершенствования законодательства, проблемы либерализации и гуманизации уголовной политики в современных условиях.

* * *

26 ақпанда ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде сарапшы, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің доценті, филология ғылымдарының докторы Қ.Б. Күдерина «Қазақ жазуының тарихы: латын қаріпіне қайта оралу» атты шеберлік сағатын өткізеді.

* * *

Халықаралық қатынастар факультетінде ҚазҰУ-дың халықаралық сыпайылық, этикет және хаттама орталығы «Этикет күні» акциясын ұйымдастырды. Акция шеңберінде флэшмоб өтті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ЖОО-лар білім беру бағдарламаларын талғады



Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік секциясының мәжілісі өтті. «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы білім берудің жаңа бағдарламаларын қарастырған мәжіліске еліміздегі 22 жетекші жоғары оқу орнының проректоры қатысты.

Білімі мен біліктілігі асқан маман – еліміздің инновациялық дамуының қозғаушы күші. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында заманауи талаптарға сай кадрлар дайындау мәселесіне арнайы тоқталып, осы бағытта атқарылуға тиіс мақсаттарды айқындап берген болатын. «Жоғары оқу орындары барлық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын түбегейлі қайта қарастыруы керек», – деген еді Елбасы. Оның нәтижесінде бұрынғы кадрлар дайындау жүйесінің ескіргені байқалды. Енді ғылым мен білімнің біртұтастығын қамтамасыз ететін білім берудің жаңа бағдарламасы қолға алынбақ. Оның негізі ретінде STEM – «Science, Technology, Engineering, Mathematics» (ғылым, технология, инженерлік пәндер, математика) ұстанымын қолдану ұсынылуда. Бұл ұстаным бойынша ғылыми-техникалық ілгерілеу мен инновациялық дамудың негізі болып табылатын

нақты-математикалық және инженерлік-техникалық мамандықтарға басымдық беріледі. Елбасы аталмыш мамандықтарды дамыту білім беру саласының мүмкіндіктерін арттыратынын атап айтқан болатын. Білім беру саласының осындай мәселелері арқау болған аталмыш мәжілісті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. Ол: «STEM ұстанымы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бүгінгі бағдарламаларын студенттер шығармашылығына, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысуына, ғылымды дамыту мен кәсіби білім берудің жаңа жолына қарай бағыттап, зор мүмкіндіктер тудырады», – деді.

Сонымен, мәжіліс білім беру жүйесін жетілдірудің жолдарын қызу талқылады. Өз тәжірибелерін ортаға сала отырып, проректорлар мәселені шешуде өзіндік ұсыныстарын айтып, пікірлерімен бөлісті. Оның ішінде университетте

Қазақстан тарихын, информатика мен тілді оқыту мәселелері көтерілді. Мысалы, университетте студентке тайпалардың қай ғасырда өмір сүргені емес, заманауи Қазақстанның тыныс-тіршілігі, халықаралық байланысы, әлемдегі рөлі мен жетістіктері түсіндірілуі тиіс екендігі айтылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Уәлихан Сейділдәұлы «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы STEM ұстанымына кеңірек тоқталды. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың бірінші проректоры Жәмила Нүсіпжанқызы құзыреттілік негізінде білім беру бағдарламаларын жобалаудың мәселелерін айшықтап, шешу жолдарын ұсынды. «Тұран» университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша проректоры Әкімжан Арупұлы құзыреттілік негізінде білім беру бағдарламалары жүйесіндегі сабақтастық: мектеп, колледж, бакалавриат, магистратура, PhD сатыларының ерекшеліктері жайлы айтты.

Сондай-ақ мәжілісте STEM ұстанымының білім беру саласына әсері, білікті маман даярлаудағы рөлі және өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Webometrics Ranking of World Universities халықаралық рейтингісі бойынша Орталық Азиядағы ЖОО арасында көшбасшы

Приоритеты в сфере образования, озвученные Президентом страны Н.А. Назарбаевым в Стратегии «Казахстан-2050», определили тему большого мероприятия, организованного в стенах КазНУ.

По-прежнему главной целью вузов остается подготовка качественных кадров для национальной экономики. Обеспеченность страны кадрами с хорошей подготовкой в области естественно-математического и инженерно-технического направления напрямую связана с ее конкурентоспособностью и национальной безопасностью. В основу формирования новых образовательных программ будет положен принцип STEM – «Science, Technology, Engineering, Mathematics» (наука, технологии, инженерные дисциплины, математика).

Актуальность STEM-образования возрастает по мере формирования новой инновационной модели общества. Начавшись как программа для освоения космоса в XXI веке, STEM сегодня превратился в научный принцип, успешно применяемый во всех областях научного знания. Сегодня можно смело сказать, что STEM-инновации касаются глобальных проблем и предлагают конкретные решения: от создания солнечных панелей и мобильных телефонов до усовершенствования способов лечения рака и моделей искусственных конечностей.

Уалихан АБДИБЕКОВ,
проректор по учебной работе
КазНУ им. аль-Фараби



Рыночные механизмы рынка труда способны достоверно определить количественные и качественные уровни подготовки специалистов. При мониторинге качества образования необходимо учесть интересы всех заинтересованных категорий: государства, общества, работодателей, студентов. Каждая категория предъявляет к ней свои требования, по-своему расставляя приоритеты.

МОН РК и вузы заинтересованы больше всего в функционировании образовательного процесса, предъявляя требования к его организации, форме, объему и содержанию. Работодатели же сосредоточены не на образовательном процессе, а на конечном его итоге. Их волнуют степень соответствия своим требованиям знаний, умений, навыков и необходимых для успешного решения производственных задач, личностных качеств выпускника. Чтобы разрешить данный конфликт интересов в вопросах качества подготовки специалистов между требованиями вуза и работодателей, нужно постоянно проводить мониторинг, изучать запросы потребителей к содержанию образовательных программ и на их основе создавать типовые и рабочие программы дисциплин.

Лаззат ЕРКИНБАЕВА,
Первый проректор
ЖГУ им. И. Жансугурова



Образовательные программы нового поколения

Проректора ведущих вузов РК – участники заседания учебно-методической секции по гуманитарным и естественнонаучным специальностям Республиканского учебно-методического совета (РУМС) высшего и послевузовского образования МОН РК поделились своими мнениями и предложениями по модернизации системы образования.

На основе принципа непрерывности и преемственности с целью эффективного внедрения европейской модели разработки образовательных программ в соответствии с Дублинскими дескрипторами и потребностями рынка труда образовательная программа нашего университета формируется, исходя из потребностей рынка труда. Осуществляется мониторинг рынка труда и выявляется потребность тех или иных специальностей и специализаций на региональном уровне путем консультаций социальных партнеров, работодателей, профессиональных объединений. Также для выявления траектории образовательных программ проводятся социологические исследования с работниками управлений департаментов, работниками предприятий и учреждений, а также с выпускниками вуза и студентами-практикантами. Предложения работодателей обсуждаются на Учебно-методическом совете вуза, где предлагаются новые образовательные траектории, новые элективные курсы.

Айнагуль МУХАМЕДЖАНОВА,
проректор СКГУ им. М. Козыбаева



Осознание необходимости перехода к новым образовательным программам назрела давно. Новые образовательные программы будут иметь модульную структуру. Вузы руководствуются принципами непрерывности и преемственности, а также Дублинскими дескрипторами, которые предписывают модульные образовательные программы, отвечающие требованиям казахстанского рынка труда.

Преимуществом модульной образовательной программы является то, что можно получить дополнительное количество кредитов за счет ликвидации «дублирования» при изучении отдельных дисциплин. Например таких, как: ОБЖ, экология и устойчивое развитие, история Казахстана, математика, социология и др. Они могли бы изучаться в системе довузовского обучения.

Сегодняшнее заседание УМС РУМС имеет важное значение для всех вузов. Именно здесь, когда собираются представители 22-х вузов РК, есть возможность коллегиально обсудить текущие проблемы учебного процесса и прийти к консенсусу по ключевым вопросам отечественного образования.

Акимжан АРУПОВ,
проректор по учебно-методической
работе университета «Туран»



Уникальность предлагаемой системы состоит в ее универсальности, включающей в себя учебную и промышленную профессиональную подготовку. Практика ориентированного модульного обучения (ПОМО) на сегодняшний день является мощным и эффективным средством обучения студентов.

Во-первых, снижаются затраты на подготовку специалистов по сравнению с традиционной системой обучения за счет сокращения повторяющихся дисциплин.

Во-вторых, реализация данной системы приведет к повышению качества образования, сокращению времени подготовки и увеличению индивидуализации профессионального образования. Если ПОМО будет использован в качестве технологии, сопровождающей основной, базовый учебный курс, то ее результативность и эффективность будет налицо.

Нурлан АЖИХАНОВ,
проректор по учебно-методической работе
КГУТИИ им. Ш. Есенова



Как известно, проектирование образовательных программ предусматривает модульное структурирование, компетентностный подход, учет результатов освоения модулей и всей модульной образовательной программы.

Конечно, мы находимся в самом начале внедрения новых образовательных программ, и без проблем не обходится ни одно начинание. Надеюсь, что наше заседание будет плодотворным в решении этой ключевой проблемы.

Хочу поблагодарить КазНУ им. аль-Фараби за организацию такого семинара, где мы вместе смогли обсудить актуальные проблемы отечественного образования.

Шолпан ТЛЕПИНА,
заместитель директора Департамента по
развитию и академической политике
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева



ҚазҰУ-да «Өнегелі өмір» сериясымен академиктің 75 жылдық мерейтойына орай «Кенжеғали САҒАДИЕВ» атты кітап жарық көрді

Стратегия насихатталды



әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылау мақсатында ҚР Сыртқы істер министрлігі Әкімшілік және бақылау департаментінің директоры Саржанов Қайрат Асанязұлымен кездесу өтті.

Кездесуді ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев ашты. Ол Елбасы Жолдауын жүзеге асырудағы ақпараттық насихаттың маңыздылығына тоқтала отырып, ҚР Сыртқы істер министрлігінде көптеген ҚазҰУ түлектерінің табысты қызмет етіп жүргенін тілге тиек етті. Сондай-ақ Мұхамбетқали Мырзабайұлы аталмыш министрлікпен бірге ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың да өзара берік қарым-қатынастың оң ықпалы екендігін атап өтті. Өз баяндамасында Қайрат Асанязұлы «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттары бойынша атқарылуы тиіс міндеттерді атады. Оның ішінде «Дәйекті және болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту» атты сыртқы істер мәселесіне қатысты алтыншы тарауға кеңінен тоқталды. «Жаңа стратегиялық бағдарлама халықаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған. Біздің негізгі және тиімді әріптесіміз – Ресей Федерациясы. Бүгінгі таңда екі ел арасындағы тауар алмасу 22 миллиард

долларды құрайды», – деді ол. Әкімшілік және бақылау департаментінің директоры сонымен қатар мемлекеттегі кадрларды іріктеу, мемлекеттік қызмет туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін мемлекеттік қызметті реформалау аясында тестіден өткізу мәселесін қозғады. Нәтижесінде мемлекеттік қызметті басқару нығайтылмақ. Қайрат Асанязұлы өз сөзін: «Қазақстандықтардың ендігі мақсаты – жаңа стратегиялық бағдарламаны жүзеге асыру», – деп қорытындылады.

Кездесу барысында ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері өздерін толғандырған мәселелер хақында сұрауға мүмкіндік алды. Қойылған сұрақтар ішінде қазіргі Қазақстанның Көдендік Одақтағы мүшелігі, ДСҰ-ға кіру кезіндегі Қазақстанның сауда ұстанымы, қазақ тілінің латын алфавитіне көшуі, үштұғырлы тіл саясаты, Қазақстанның халықаралық ұйымдардағы орны туралы мәселелер көтерілді.

Бағдат АМАНДОСҰЛЫ,
халықаралық құқық кафедрасының
аға оқытушысы



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдік қауымдастық назарын тігіп отырған бүгінгі Қазақстанның келешек даму ұстанымдары межеленді. Қамтылмаған құбылыс қалған жоқ десек те болады. Аса маңызды, Елбасы айрықша мән бере тоқталған қазіргі қазақстандық әйел мәртебесі бағытында атқарылар іс-шара айқындала түсті.

Осы орайда қазіргі білім беру саласындағы оң өзгерістердің бойжеткен қыздардың тұлға болып қалыптасуындағы ықпалды факторларының бірі туралы айтқым келіп отыр.

«Жер жұмағы – Жерорта»

(жолсапар)

Ол – «академиялық ұтқырлық» аталып жүрген құбылыс. Сөз қадірін білетін жақсылардың ұнатып айтатын бір сөзі – «көргенді» деген сөз тәрбие, тәлім көрген адамға лайықтап айтылады. Осыған ел көру, жер көру де кірсе керек. «Асың барда – ел таны, атың барда – жер таныны» да айтқан – атам қазақ. Осы орайда биылғы оқу жылында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының магистрант қыздарымен Испанияға, Гранада университетіне барып қайтқан тағлымдама күндері жадыма қаз-қалпында қайта жаңғырсын. Кафедра тарихында екінші рет біздің магистранттар шет елге шықты. Алдыңғы жылы Оңтүстік Корея еліне жолдары түскен.

Ал енді осы сапар магистрантқа не берді дегенге келейін. Бірталай олжамен оралдық. Гранада университетінің дәстүрлі жазғы курсының 2 сертификаты – мәселенің фактілік жағы. Қыздар олжа қоржынын 2 сертификаттан өзге де көп дүниемен толтырып қайтты. Көз қызығып, сүйретпе шабаданға лық толтырған кәдесый, базарлықтардан басқа да алып келгендері жетерлік.

Әуелі неміс жерінде ұшақ аялдатқанбыз. Майндағы Франкфуртте. Сонан қиялдағыдай испан елінде 15 күндей жүрдік. 5 ғасырлық тарихы бар Гранада университетінің дәрісханаларында жайлы отырып өркениет өресінен қозғалған маңызды, мазмұнды дәрістер тыңдадық.

Мадридтен Гранадаға бет алған

жол бойы көріністері көшкісін Алматы әуезжайынан ұшып шыққанға шейінгі де алаңкөңіл, жол қамымен жүгіріскен, одан кейінгі ұшақ алмасқан, күтіп алушыны күткен шаршаңқы күйімізді сергітіп жіберді де, қыздар желпініп, қуанып отырды.

Айнала табиғат айрықша бір әсерлерге бөледі.

Гранада көшелеріндегі өзіміз бір-екі мәрте куә болған «дүниежүзілік дағдарыс» нышандары да түрлі ойға түсірген.

Гранадада 7-8 күн болып, осы бір жасыл ағаштар саясында, алыстан ағарып шындары көрініп жатқан биік тауға жалғасқан жоталы дөң аясындағы кербез шаһардан Жерорта теңізінің жағалауындағы Альмунекар қаласына шығып кеттік. Тағы да тақтайдай тегіс, кең жолдар, қиуын тауып, тастан қашап шыққан, шапшаң алмасып жатқан туннельдер. Тағы да ойлы-қырлы алқаптарды сәндеп, ойдым-ойдым орналасқан зәйтүн ағаштың тұтасқан қою бұйра тоғайлары.

Қалаға биіктен теңіз жағалап төмендей отырып келіп түстік. Теңіз ауасы тау етегіндегі Гранадағыдай емес, бөлек. Ыстық ауа мен ылғал аралас. Қыздар алдын ала, ай бұрын Алматыда жүріп броньдап қойған қонақ үй-

леріне лезде алып келді. Оларды байқатпай бақылаймын. Бәрі болмаса да ағылшыншалары тәп-тәуірлері бар. Қайда, қашан, кім, неге? дейтін күнделікті өмір сауалдарына Гранада да ештеңе білгендіктен ойдағыдай, жатсынбай кірігіп кеткендерін көрдім. Әсіресе Қытай елінен келіп университетіміздің бакалаврлық оқу сатысын бітіріп, енді магистратурада оқып жүрген, әрі мектепте мұғалім болып істейтін Бану Бейістің сергектігінің, тілді тәп-тәуір білетіндігінің пайдасын бәріміз көрдік.

Альмунекарда өткен Болон үдерісі, қазіргі жаһандану заманындағы ұлттық мүдделер тұрғысындағы дөңгелек үстелде Назерке Нәкібаева өзіндік ойларымен назар аударды.

Сол күндерде қыздардың адамзат тарихын біле түсуге, ел танып, жер тануға ынталана түскенін сезіндім. Ретін тауып, демалыс күндері Италияға, Римге барып қайттық.

Магистрант қыздар әр елдің халқы, оның өзіндік қасиеті туралы көрген-түйгендерін ортаға салып, ой бөліседі. Неміс халқының тәртібін, тиянақтылығын, талап қоя білуін, соған сәйкес қолайлы жағдайды да қамдап отыру дағдысын байқамау мүмкін бе?

Испандықтарды «бөтенге» жатсын-

бай қарайтын қарапайымдылық, ұстамдылық қасиеттерімен, шынайы табиғатымен жүрекке жақын тұттық. Өздерінде бөлек бір тазалық, туралық, имандылық бар-ау.

Жерорта теңізі біздерді жатсынған жоқ. Айнұр Ахметова туу алысқа талмай жүзеді екен. Жетісайлық. Қайдан мықтып үйренген деп қайран қалдым. Сүңгуір үйректің балапанындай судан қорықпайды.

Гранада университетінің профессоры Рафаэль Тирадо Гусман мырза ұдайы бізге ілтипат көрсетті. Арнайы қонақасы рәсімінде факультетіміздің басқа да кафедраларынан барған оқытушылар, магистранттар ризашылығын білдіріп сөз сөйледі. Төлеген ғажап биік дауысымен бірнеше ән салды.

Испан елінің әлемдік футбол додасындағы тілекшісі болып елге қайттық та, олар жеңіс тұғырына көтерілгенде бірге шаттандық.

Қазірде сол алыс жағалау сол жолғы тағылымдамаға қатысқандардың жанына жақын бір қимасына айналған.

Қанипаш МӘДІБАЙ,
қазақ әдебиетінің тарихы
және теориясы
кафедрасының профессоры

III съезд ректоров вузов Азии пройдет в 2014 году
на базе КазНУ им. аль-Фараби

Сенім мен әріптестікке негізделген кездесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың белсенді дәстүрмен кездесуі жастар саясаты саласындағы әлеуметтік серіктестік ағдалары негізінде жүзеге асырылып келе жатқан жұмыстардың нақты көрінісі болды. Кездесу барысында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жетекшілері ректормен бірге дөңгелек үстел басында бас қосып, өздерінің көкейлерінде жүрген мәселелермен ой-пікір бөлісті. Шын мәніндегі сенім мен әріптестікке негізделген бұл басқосуда студенттер тарапынан біршама өзекті әрі университеттің стратегиялық дамуымен үндес көптеген мәселе көтерілді.

Мәселен, студенттік Сенет төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров студенттік жобаларға демеушілерді тарту барысында кездесетін бюрократиялық кедергілерді жоюға қолдау көрстеуді сұрап, Алматы қаласындағы өзге ЖОО студенттерінің тәжірибелерімен бөлісті. Ал, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро мүшесі Абылай Қондыбаев III Студенттік халықаралық форумның дайындық жұмыстары туралы баяндап, форумды ұйымдастыру жұмысының кезеңдері туралы айтып өтті. Бұл халықаралық студенттік форум университет қабырғасында осымен үшінші мәрте өткізілгені отыр. Ол, алғашқы жылдардан-ақ жастар ұйымдары комитетінің халықаралық деңгейдегі ірі жобасы ретінде танымал болып үлгерген еді.

Ғалым Мұтанұлы форум тақырыбын талқыға салуды ұсына отырып, жастар назарын Елбасы Жолдауында айтылған өзекті мәселенің бірі – болашақтың энергиясы, яғни жасыл энергия көздерін пайдалану мәселесі болып отырғандығына аударды. Университет басшысының «Біздің университет бұл бағыттағы жобаларды жүзеге асырып келеді. Өткен жылы естеріңізде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жастар ұйымдары комитеті мен студенттік өзін-өзі басқару құрылымдарының басты мақсаты жаңа формациядағы қазақстандықтарды – бәсекеге қабілетті, бастамашыл, дербес шешім қабылдай алатын және сол шешімдеріне жауап бере алатын, әлеуметтік ортаның позитивті өзгеруіне дайын және азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетте тек өмір сүріп қоймай, сонымен қатар осы айтылғандардың бәріне өз үлесін қоса алатын тұлғаларды қалыптастыру болып табылады.

болса, «РИО-20» халықаралық көрме жұмысына қатысып, әлемнің жетекші оқу орындарымен қатар жеке секция ашуға қол жеткіздік. Сондықтан Форум тақырыбын «Жасыл көпір – ұрпақтан-ұрпаққа» деп таңдасақ, халықаралық деңгейдегі ғаламдық мәселені көтере аламыз деп ойлаймын» деген ұсынысын студенттер бірден толық қолдады. Өрі, бұл бағыттағы форум жұмысы болашақтағы «ЭКСПО-2017» көрмесіне лайықты дайындық жұмыстарын жүргізуге септігін тигізетіндігін атап өтті. Белсенді жастар форум жұмысын ұйымдастыруға жауапты алқа мүшелерін де бекітіп үлгерді.

Сондай-ақ ҚазҰУ-дың жастар ұйымдары комитеті мен студенттік өзін-өзі басқару құрылымдарының белсенділері Ләйла Ахметова және Данияр Сүндетбаев университетте бекітілген «Ізденіс зерттеулерін жүргізу бойынша конкурста» жастар ұйымдары атынан ұсынылған жобалармен таныстырып өтті. Университеттің ішкі зерттеу жұмыстарына ұсынылған «Айналанды нұрландыр!», «Университеттің имидждік интернет-ресурсын жетілдіру және басқаруының әдістемесін жасау» жобаларының мақсат-міндеттері мен іске асыру механизмдері, оның нәтижелері туралы пікірлерімен бөлісті. Өз кезегінде Ғ.Мұтанов бұл конкурстың, ең алдымен, университеттің даму стратегиясымен сәйкес келетінін, болашақтағы бұдан

ауқымды жобаларға негіз бола алатын жобаларды жүзеге асыру үшін жариялағанын атап өтті. Өз кезегінде ректор жастар ұсынған екі жобаның да идеясы мен мақсаты ұнағандығын атап көрсетті. Өсіресе, оқу орнының басшысы «Айналанды нұрландыр!» жобасының методологиялық негіздері туралы пікірлеріңізді қолдаймын», – дей келе, нұрландырушы факторларды насихаттап қана қоймай, әр адам оң өзгерістерді өзінен бастауы тиістігіне де тоқталып өтті. Студенттер университет деңгейінде ректордың бастамасымен көтерілген бұл жобаның өз өмірлеріндегі маңызы туралы пікірлерін риясыз көңілмен ортаға салды.

Кездесу барысында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметі мен механизмдерін жетілдіру жолдары бойынша атқарылған жұмыстар туралы сөз қозғалды. Осы орайда, университетте өткен жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «студенттік декан» жобасының қорытындылары талқыланды. Жастар студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының шынайы өкілеттіліктерін кеңейту жолдары, мәселен жатақханадан орын бөлу мәселесін толық студенттер қолына беру, этика бойынша студенттік комиссия жұмысы туралы ашық пікірлерін білдірді.

Еркін пікір алмасу мен ашық пікірлесу алаңына айналған бұл басқосуда студенттер түрлі бағыттардағы мәселелерге қатысты ой толғады. Мәселен, Сандуғаш Картаева өзі қатысқан

М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де өткен «ТМД елдері жастар ұйымдары көшбасшыларының 8-Форумы» жайлы хабарлады. Бұл форумға ҚазҰУ студенттері жыл сайын қатысып, ол жақтан жинаған тәжірибелерін университеттің жастар саясатында пайдаланады. Форум барысында мен де көптеген елдердің жас көшбасшыларымен танысып, белгілі жобаларды бізде де жүзеге асыруға болатынын ескеріп қойдым. Соның бірі, ресейлік университеттердің біріндегі студенттерге арналған машықтандыру сабақтары болып табылады. Аталған сабақ барысында студенттер ірі компания өкілдерінен арнайы тренингтерге қатыса отырып, оны куәландыратын сертификаттарға ие болады. Кейін ол құжатпен сәйкес компанияларға жұмыс беруші ретінде баруына мүмкіндік бар. Олармен бірге қызмет ететін PWC сияқты компаниялардың өкілдіктері Қазақстанда да бар. Сол себептен, бұл тәжірибені бізде де жүзеге асырсақ болады деп ойлаймын», – деген пікірімен бөлісті.

Бұл ұсыныс кездесуге қатысушылар тарапынан қолдауға ие болып, университет студенттеріне арналған ірі компания қызметкерлерімен жүргізілетін машықтандыру сабақтарын ұйымдастыруға шешім қабылданды.

Сондай-ақ, кездесу барысында еріктілер қозғалысы, студенттік жатақхана мәселелері, студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету және т.б. көптеген сұрақ көтеріліп, өз шешімдерін тапты.

Студенттер осындай пайдалы әрі тең әріптестікке негізделген ашық әңгімесі үшін ректорға алғыстарын білдірді.

Алмас БІРІМЖАНОВ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 4-курс студенті

Мы в ООН

Команда магистрантов КазНУ им. аль-Фараби совместно со студентами Колумбийского Университета презентовали проект «Global Classroom» в штаб-квартире ООН (США). Такую уникальную возможность они получили, приехав в г. Нью-Йорк по программе «Академическая мобильность» для стажировки в американский университет.

В прошлом году КазНУ был принят в Ассоциацию университетов по Устойчивому развитию, где был разработан совместный проект «Global Classroom». Исследования молодых ученых Алии Сагандыковой, Тогжан Ибраевой, Ботакоз Шакаевой (Казахстан), Болормаа Энкбат (Монголия), Элизабет Валон (США), Сара Логан (Республика Зимбабве), длившиеся 4 месяца, выявили 5 приоритетных направлений развития Казахстана по пути Устойчивого развития в период до 2015. Методы изучения, применявшиеся студентами, система сбора и анализа информации, способы решения проблемных вопросов и причина постановки приоритетных целей вызвали непрерывный поток вопросов аудитории. Среди слушателей были эксперты в области Устойчивого развития ООН Японии, США и Казахстана.

Выступление студентов КазНУ им. аль-Фараби высоко оценила глава дипломатической миссии Казахстана в ООН



Б.Айтимова. На встрече, которая состоялась на следующий день, госпожа Айтимова отметила, что за 6 лет ее работы в ООН это первая делегация из двух университетов, совместно презентовавшая результаты исследования на таком высоком уровне. Бырганым Сариевна также в своей беседе, поддержавшая смелые начинания студентов, рассказала им о возможных путях поиска финансовой поддержки и воплощения в жизнь таких проектов. «Кто, как не вы, юные и талантливые ребята, должны изучать, находить проблемные аспекты и предлагать новые пути решения», – отметила госпожа Айтимова, пожелав молодым исследователям удачи в достижении поставленных целей.

Во время стажировки в Колумбийский университет наши студенты также были приглашены на ряд международных встреч и инаугурацию Президента США.

Алия САГАНДЫКОВА,
магистрант КазНУ

ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Корей Республикасының бас консулы Сон Чхи Кын мырзаның көшбасшылық дәрісі өтті

Обычно в школьной программе, а подчас и в вузовской, рассматривают роман Тургенева с точки зрения конфликта поколений – отцов и детей. И имеют на это полное право, конфликт лежит на поверхности, вынесен в заглавие романа. В этом заглавии и противоречия Николая Петровича и Аркадия Кирсановых, и дискуссии Павла Петровича Кирсанова и Евгения Базарова, и вечные разногласия между аристократами-либералами и разночинцами-демократами. При этом Павла Кирсанова противопоставляют Базарову на равных, хотя уже одной пародийной сценой дуэли автор показывает несостоятельность такого противопоставления. Ведь по силе базаровского отрицания и глубине и размаху его человеческой личности никто из «отцов» противостоять Базарову не в силах.


Базаровский нигилизм – явление уникальное для относительно спокойного золотого XIX века, он, скорее, уместен по силе своего радикализма в мятежном XX веке. И такое радикальное мировоззрение подвергается в романе эксперименту: теория проверяется на практике. В лучших традициях русской классической литературы герой проходит через испытание любовью. И носитель нигилистического сознания испытания не выдерживает. Если раньше люди были для Базарова «одинаковы, как деревья в лесу», то теперь для влюбленного героя «всякий человек – загадка». Загадкой для него оказывается Одинцова, и это сближает его с идеологическим оппонентом Павлом Кирсановым, который также полюбил женщину за ее загадочный взгляд. (Вспомним его перстень с изображением сфинкса)

Из приведенного отрывка видно, что любовь входит во внутренний мир

Иван Сергеевич ТУРГЕНЕВ

(1818 - 1883)

Русский писатель. В цикле рассказов «Записки охотника» (1847-1852) показал высокие духовные качества и одаренность русского крестьянина, поэзию природы. В социально-психологических романах «Рудин», «Дворянское гнездо», «Накануне», «Отцы и дети», повестях «Ася», «Вешние воды» созданы образы уходящей дворянской культуры и новых героев эпохи, самоотверженных русских женщин. В романах «Дым» и «Новь» изобразил жизнь русских за границей, народническое движение в России. На склоне жизни создал лирико-философские «Стихотворения в прозе». Мастер языка и психологического анализа Тургенев оказал существенное влияние на развитие русской и мировой литератур.



Роман о любви

Базарова как сила чуждая, враждебная, угрожающая разрушением его душевного строя, духовной целостности. Но и в любви Базаров остается самим собой. Он чувствует в Одинцове силу, равновеликую его собственной силе: им движет искушение борьбы и потребности победы. Невозможность ответного чувства переживается как поражение, ощущение своего бессилия рождает злобу, да и сама базаровская страсть сродни злобе: «это страсть в нем билась, сильная и тяжелая – страсть, похожая на злобу и, быть может, сродни ей...»

Но через любовь Базаров впервые воспринимает неповторимость другого человека как нечто ценное. Женщина впервые оказывается для него единственной и незаменимой, любовь к ней становится главным в жизни, в каком-то смысле всем. Любовью в Базарове проверяется глубина его внутреннего мира, мера его человечности. Истинный Базаров раскрывается в любви: теперь он не стесняется высказывать свою нежность к родителям («Ведь таких людей, как они, в вашем большом свете днем с огнем не сыскать...»), не

скрывает своей громадной жажды жизни («Живите долго, это лучше всего, и пользуйтесь, пока время»). Получается, конфликт романа – не проблема отцов и детей, главный конфликт – в сознании и внутреннем мире Базарова. Это конфликт нигилизма и любви во всех ее проявлениях, в котором верх одерживает последняя.

В финальной сцене романа, изображающей горе родителей у могилы сына, проступает незыблемая истина: да, смерть неизбежна и неотвратима, но любовь сильна и всепобеждающа. Над всем романом нависает риторический вопрос автора, раздвигающий границы общественно-политического, социального, идеологического прочтений художественного текста до философских, космических, вечных масштабов: «Неужели, любовь святая, преданная любовь не всесильна?»

*Доцент кафедры русской филологии, русской и мировой литературы факультета филологии, литературоведения и мировых языков
А.Е. Елубаева*

Впечатления о прочитанном

пример для подражания некоторых молодых людей, уверенный в себе и в правоте своего взгляда на мир, по моему, просто несчастный человек. Человек, который не смог найти своего места в жизни, потому что его (места этого) просто не существовало. Тот мир, за который герой так боролся, мир, в котором царит всеобщее отрицание, культ разума и науки, мир, в котором нет места прекрасному, не пришёл на смену существующему положению вещей. Для настоящего же мира Базаров был чужим. Я вижу героя, который в конце концов оказывается в неразрешимом противоречии с самим собой. Евгений Базаров, человек, который утверждал, что «порядочный химик в двадцать раз полезнее всякого поэта», и просил Аркадия не говорить красиво, теперь обращается к Одинцовой со словами:

«Дуньте на умирающую лампаду, и пусть она погаснет». Герой сломал себя, не смог до конца соответствовать собственным идеалам, как не смог Раскольников доказать себе, что он не «тварь дрожащая».

Базаров потерял то, что в жизни терять нельзя никогда и ни при каких обстоятельствах, – себя. Говорят, что незаменимых нет, что все без всех могут прожить. Действительно, в конечном итоге, мы, теряя друзей, родственников и любимых, рано или поздно возвращаемся к нормальной жизни. И только без себя человек прожить не сможет. Вот и Базаров не смог.


Дарья ЖИГАЛЬЦОВА,
студентка 3 курса факультета филологии, литературоведения и мировых языков

И. С. Тургенев

«ОТЦЫ И ДЕТИ»

(Отрывок)

Настоящею причиной всей этой «новизны» было чувство, внушенное Базарову Одинцовой, – чувство, которое его мучило и бесило и от которого он тотчас отказался бы с презрительным хохотом и циническою бранью, если бы кто-нибудь хотя отдаленно намекнул ему на возможность того, что в нем происходило. Базаров был великий охотник до женщин и до женской красоты, но любовь в смысле идеальном, или, как он выражался, романтическом, называл белибердой, непростительною дурью, считал рыцарские чувства чем-то вроде уродства или болезни и не однажды выражал свое удивление: почему не посадили в желтый дом Тоггенбурга со всеми миннезингерами и трубадурами? «Нравится тебе женщина, – говаривал он, – старайся добиться толку; а нельзя – ну, не надо, отвернись – земля не клином сошлась». Одинцова ему нравилась: распространенные слухи о ней, свобода и независимость ее мыслей, ее несомненное расположение к нему – все, казалось, говорило в его пользу; но он скоро понял, что с ней «не добьешься толку», а отвернуться от нее он, к изумлению своему, не имел сил. Кровь его загоралась, как только он вспоминал о ней; он легко сладил бы с своею кровью, но что-то другое в него вселилось, чего он никак не допускал, над чем всегда трунил, что возмущало всю его гордость. В разговорах с Анной Сергеевной он еще больше прежнего высказывал свое равнодушное презрение ко всему романтическому; а оставшись наедине, он с негодованием сознавал романтика в самом себе. Тогда он отправлялся в лес и ходил в нем большими шагами, ломая попадавшие ветки и браня вполголоса и ее, и себя; забирался на сеновал, в сарай, и, упрямо закрывая глаза, заставлял себя спать, что ему, разумеется, не всегда удавалось. Вдруг ему представится, что эти целомудренные руки когда-нибудь обовьются вокруг его шеи, что эти гордые губы ответят на его поцелуи, что эти умные глаза с нежностью – да, с нежностью остановятся на его глазах, и голова его закружится, и он забудется на миг, пока опять не вспыхнет в нем негодование. Он ловил самого себя на всякого рода «постыдных» мыслях, точно бес его дразнил. Ему казалось иногда, что и в Одинцовой происходит перемена, что в выражении ее лица проявлялось что-то особенное, что, может быть... Но тут он обыкновенно топал ногою или скрежетал зубами и грозил себе кулаком.



Марина Цветаева когда-то писала, что для неё в «Капитанской дочке» Пушкина нет никакого капитана и никакой дочки, а есть только Пугачёв и Гринёв. Так и для меня в тургеневском романе нет никаких отцов и никаких детей. Есть одинокая могила на сельском кладбище, которую навещают два старика. Эта сцена всегда вызывает слёзы, сколько бы раз я не принималась перечитывать это произведение.

Для меня ещё с первого прочтения важен был не конфликт поколений, образов мышления и просто разных людей, интересовала и заставляла задумываться судьба одного-единственного человека, борьба его не с окружающим миром, а с самим собой. Евгений Васильевич Базаров, нигилист,

Ұстаз – ұлағатты есім



Бақыт КӨБЕКОВА

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға,
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, —*

расаттылығы мол, шәкірттеріне білім беруден, үйретуден жалықпайтын еңбекқор адам. Бойында қарапайымдылықтың, болмысы мен бітімде көркем бейнелі жарасымдылықтың сипаты айшықты, ашық мінезімен ұштасып жатыр. Ең алғаш университет табалдырығын аттаған кезде бізге жол сілтеп, бағыт-бағдар көрсеткен, анамыздай болып кеткен осы кісі еді.

Біздің қуанған және мұңайған кезімізде жанымыздан табылып, анамыздай бізді аялаған, топтағы барлық студенттің тілін тауып, жаманын жасырып, жақсысын асыратын, өзінің табиғатына лайық сабырлы мінезімен баурап алатын қасиеті біз үшін үлгі-өнеге. Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?! Үлкен өмірге аяқ басқан шағымызда ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажыратып, студенттік өмірдің ыстығы мен суығына төзуге көмектесті. Мақтанғаным емес, тобымыз өте ұйымшыл, бір-бірімізге туған адамдардай бауыр басып кеттік. Осы уақыттың ішінде біз көп нәрсе үйрендік. Ауқымды масштабтағы іс-шараларға қатысып, өзімізді тек студент ретінде емес, сонымен қатар тұлға ретінде де дамыта білдік. Мұның барлығы – ұстаздарымыздың еңбегі деп білемін. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек!

Айбала МАНАПОВА,
*философия және
саясаттану факультетінің
2-курс студенті*

Жақында заң факультетінде студенттердің қызығушылығы бойынша құрылған «Консенсус» клубының кезекті отырысы өтті. «Надежда» балалар үйінің директоры Г.А. Абдрахманова, Алматы қаласы Балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы З.Н. Сағынаева және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің өкілі Ш.Е. Канафьева кешке қонақ ретінде қатысты. Жаңа жылға дейін заң факультетінің 1, 2, 3-курс студенттері қайырымдылық шаралар өткізу мақсатында Алматы қаласының бірнеше балалар үйіне барған еді. Студенттердің алған әсері әралуан, сондықтан олар «Әлеуметтік жетімдіктің құқықтық аспектілері» тақырыбына, яғни өздерін толғандырған сұрақтарды талқылауды, ақиқаттың астарын іздеуді немесе осы күрделі мәселені қалай шешу керектігі туралы ойларын ортаға салды.

«Әлеуметтік
жетімдіктің
құқықтық
аспектілері»

Студенттердің көкірегіне түйіпкіл болған сұрақтар: Неге баласы жоқ отбасылар бала асырап алу үшін ұзын соннар кезекте тұрады, тастанды балалар неге көп және оларды не үшін тастайды? Студенттер А. Файзуллаева, Н. Ақпаева, М. Алимжанова, А. Ягмусова, А. Саутнер және Д. Ильешева балалар үйіне барған кезде түсірілген бейнесуреттерден слайдтар жасап, қысқаша баяндамалар жасады. Клуб мүшелері мен отырысқа қатысқан бірінші және үшінші курс студенттері арасында баланы дүниеге әкелу және оны тәрбиелеу мәселесіндегі жастардың жауапкершілігі туралы қызу

пікірталас туындады. Студенттер өз пікірлерімен бөлісіп қана қоймай, басқа мемлекеттердің тәжірибесін, оның ішінде некеге дейін жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салынатын араб елдерінің тәжірибесін қолдану сияқты нақты ұсыныстар жасады. Сондай-ақ талқылауға азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушылары Г.А. Худайбердина, з.ғ.д. И.В. Межибовская, аға оқытушы А.К. Кусаинова қатысты.

И.Ш. ТОҚМАМБЕТОВА,
«Консенсус» клубының жетекшісі

«Ұлының ұлы тұтса – құт»

немесе Ұлы Бабырдың туғанына 530 жыл

Ақпанда Орта ғасырлардағы Шығыстың ұлы ғұлама ғалымы, ірі мемлекет қайраткері және атақты қолбасшы, заманының азық ойлы адамы, артында «Бабырнама» атты керемет туынды қалдырған Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың туған күні әрі үстіміздегі жылдың осы күні оған 530 жыл толды. 1990 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Бабырдың төл туындысы – «Бабырнаманың» 460 жылдығы атап өтілген болатын.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр – атақты Әмір Темірдің алтыншы ұрпағы немесе туажаты болып келеді. Жазба деректер Бабырдың шығу тегін былайша көрсетеді: Әмір Темірден Мираншах мырза, одан Сұлтан Мұхаммед мырза, одан Әбу Сайд мырза, одан Омар Шейх мырза. Ал одан Бабыр тарайды.

Бабыр хижра жыл санауы бойынша 888 жылы, мұхаррам айының 6-сы күні, ал қазіргі жыл санау бойынша 1483 жылы ақпанның 14-і күні Ферғананың билеушісі Омар Шайх мырзаның отбасында дүниеге келеді. 1494 жылы әкесі кенеттен қаза тауып, 11 жастан 12-ге қараған шағында Бабыр Ферғананың билеушісі атанады. Ол алғашқы шайқасында жеңіске жетіп, Бабыр деген лақап есімді иеленеді. «Бабыр»

араб тілінде «арыстан» деген мағына береді.

Үздіксіз шайқастар барысында, бір жағынан, Жетісудағы Моғолстан хандары, екінші-жағынан, көшпелі өзбектердің жетекшісі Мұхаммед Шайбанидың жорықтарына төтеп бере алмай, 1504 жылы Бабыр өз жақтастарымен Өндіжанның айырылып, Кабул мен Бадахшанға ауысады. Бабыр Кабулда ұзақ жылдар болып, Үндістанды жаулап алу жоспарын жасайды. Ол оған 14 жыл өзірленеді. Осы жылдар ішінде армиясын қайта құрады, зеңбіректер жасайды, соғыс тактикасын жетілдіре түседі. Сөйтіп, ақыры 1526 жылдың қарашасында Бабыр 12 мыңдық әскермен Пенджабқа кіреді де, Делиге қарай бет алады. 1526 жылы 21 сәуірде Панипат маңында Үндістанның болашақ тағдырын шешкен үлкен ұрыс болады. Бұл кезде Бабыр ысылған қолбасшы болып қалған еді. Ол қызылбастардың зеңбіректермен соғысын және көшпелі өзбектердің «толғама» атты әскери тактикасын шебер меңгерген болатын. Міне, осы ұрыс әдістерінің нәтижесінде 12 мыңдық әскерімен Дели патшасы – сұлтан Ибрагим Лодидың 40 мың әскерін жеңіп шығады. Сөйтіп, қазіргі Ауғанстан мен Үндістан жерінде «Ұлы Моғолдар империясы» деп аталған үлкен мемлекеттің негізін қалайды. Ал оның мұрагерлері бұл мемлекетті им-

перия дәрежесіне жеткізеді. Атақты қолбасшы, мемлекет қайраткері 1530 жылы 26 желтоқсанда Үндістанның Агра қаласында қайтыс болады. Ұлдары оның денесін Кабулға әкеліп жерлейді.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр – Қазақстан және Орталық Азия халықтарының тарихына, экономикасына, мәдениетіне қатысты құнды деректері бар «Бабырнама» атты тарихи шығарманың авторы. Еңбек 1526-30 жылдары түрік-шағатай тілінде жазылған. «Бабырнама» мөлiметтердiң молдығы, тiлiнiң байлығы жағынан ерекше туынды, сонымен қатар еңбектi нақты дерек көзi ретiнде қарастыруға болады, өйткенi «Бабырнамадағы» басты кейiпкер – автор, яғни Бабырдың өзi.

«Бабырнама» еңбегінде әлемдік тарих пен Орта Азия халықтарының тарихына және Қазақстан тарихына қатысты өте құнды, баға жетпес деректер бар. Әсіресе оның XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығының билеушісі – Қасым ханға берген бағасы біз үшін өте құнды. Онда: «Жұрттың айтуына қарағанда қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты (қазақтарды) айтып отыр. – авторлар) дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді...», – деп айтылады. Қасым ханның тұсында жазылған бұл

дерек кейіннен ортағасырлық өзге де авторлардың еңбектеріне негіз болады. Сонымен қатар бұл шығармада XV-XVI ғасырлардағы қазақ тарихына қатысты көптеген тарихи тұлғалардың есімдері, қалалар мен елді мекендердің, жер-су атауларының, тарихи оқиғалар мен әскери жорықтардың барысы туралы, мәдени, діни, экономикалық байланыстар мен қатынастар жөнінде мол мағлұматтар кездеседі. Біз үшін ең бастысы, бұл еңбектен ұлттық сипаттағы қазақ халқының мемлекеті – Қазақ хандығының құрылуы тарихына қатысты аса құнды мөлiметтердi ала аламыз.

Осылайша, ойымызды қорыта келе, XI ғасырда өмір сүрген данышпан бабамыз Махмұт Қашқари айтқандай, «Ұлының ұлы тұтса – құт» дей отырып, 14-ақпан Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың туған күні екенін оқырмандардың есіне салып өтеміз және оның есімі бүкіл адамзат баласының жадында сақталарды, ал еңбегі әлемдік тарихтың алтын қорындағы орнын ешқашан жоғалтпайды дейміз.

Б.Б. КӘРІБАЕВ,
*ҚР ҰҒА корп.-мүшесі,
Қазақстан тарихы кафедрасының
профессоры, т.ғ.д.
К. ДОСМАЛОВА,
тарих, археология және этнология
факультетінің 3-курс студенті*

МЕДЕУДЕГІ ҚАЗҰУ КҮНІ

ҚЫЗЫҚТЫ ӨТТІ

Медеу теңіз деңгейінен 1,691 метр биікте орналасқан. Ол әлемдегі ең атақты мұз айдындарының қатарында. Медеу 10 500 ш.м. жерді алып жатыр және оған он мыңнан астам адам сыяды екен. Сұлулықтың қақ төрінде орналасқан осынау мұз айдынына қыста барып, сырғанақ теуіп, салауатты өмір салтын ұстанғанға не жетсін!

Жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау мақсатында, «Саламатты дене мәдениеті» жобасының негізінде, сонымен қатар спорттық-сауықтыру орталықтарында уақыт өткізуді тиімді ету үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитеті және Алматы қаласы Жастар саясатының басқармасы ҚазҰУ жастарына «Медеу» мұз айдынына баруда үлкен жеңілдіктер жасады.

Қос таудың құшағында орналасқан сұлу мекенге саяхатты ұйымдастырушыларға жастар жағы дән риза. Медеудегі ҚазҰУ-дың денсаулық күніне университеттен 60-қа жуық студент қатысты. Олар бес сағат көлемінде мұз айдынында уақыттарын көңілді өткізді. Студенттердің бірі мұз айдынымен жаңа танысып жатса, келесі бір топ жеңілдіктерді пайдаланып, сырғанақ тегуге барынша дайындалып келіпті. Көңілді, ырғақты әуен аясында бір-бірімен жа-



рыса қозғалған жастар Медеудегі бұл күнге ризашылықтарын білдіріп жатты. Тіпті, Медеудегі ашық ауа-райына тәнті болған олар сол күнгі Алматыдағы бұлтты бұлыңғыр, тұманды күнді де ұмытып кеткен. Ашық аспан, арайлы күн, қарлы

шың, алып жоталар – бәрі-бәрі тамаша әсер сыйлады жастарға. Ал, айдындағы мұздың өзі бір ғажап!


Медеудегі мерейлі күнді ұйымдастырушылардың бірі «Ұлттық студенттік кеңес» төрайымы Сандуғаш Қартаева:

«Алматының ең көрікті жерінің бірі Медеу мұз айдынына салауатты өмір салтына шақыру мақсатында жастарды жинап, «Саламатты дене мәдениетін» қолдау шарасын өткізіп отырмыз. Біз әрқашан студенттердің білімі, денсаулығы үшін жақсы жаңалықтарды әлі жиі жасап тұрамыз деп үміттенеміз», – деді. Ал, осындай жақсы бастамаға қатысып, ерекше көңілмен қайтқан география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті Айзада Әбдешова өзінің әсерімен былайша бөлісті: «Бұл жердің табиғаты, үлкен мұз айдыны келушілердің тыңшысын ашып, тыңғылықты демалуына мүмкіндік береді екен. Бүгінгі күн біздер үшін естен кетпестей болды. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз».

Әсем табиғат аясында өткен шараның жастар жүрегіне жатталып қалары сөзсіз. Ең бастысы – олар таза ауада сырғанақ теуіп, серуендеп, салауатты өмір салтына қадам басты деп ойлаймыз.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

Жақында биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі б.ғ.д., профессор С.С. Айдосова кафедра доценттері Н.З. Ахтаева, Г.К. Ерубеева, А.Б. Ахметова кураторлық топтары және «Бөлме өсімдіктері», «Ботаник» үйірмелері «Жас талап» орталығының жетекшісі мен орталық мүшелерінің ұйымдастыруымен Мұқағали Мақатаевтың туғанына 82 жыл толуына орай табиғат аясында «Жастар арасында салауатты өмір салтын дене тәрбиесінің тәсілдері арқылы қалыптастыру» мақсатында спортпен студенттердің шығармашылық таланттарын ұштастыратын мерекелік іс-шара өткізілді.



Салауатты өмірің кенілі

Мерекелік іс-шара «МЕДЕУ» мұз айдынында студенттер арасында коньки тебумен басталып, артынан әртүрлі спорт ойындарынан топ арасында жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс барысында сайысқа қатысатын топтарға қойылатын талаптар: біріншіден, жарыс барысында мәреге алғашқы болып жеткен топ студенттері ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтып, Мұқағалидың сөзіне жазылған әндер айтуы керек. Екіншіден, қазақ поэзиясының жұлдызы Мұқағали Мақатаевтың шығармашылық жолы мен баға жетпес туындыларын жастарға насихаттау мақсатында жарыс барысында әртүрлі сұрақтарға жауап беруі тиіс. Жарыс барысында жастар Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың әр туындысын жатқа айтып, қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап бере ал-

ды. Студенттер арасында ақиық ақынның «махаббат» тақырыбындағы өлең шумақтары жиі айтылып жатты.

Жалпы, осындай іс-шаралар Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының оқытушыларының арасында жылда ұйымдастырылып тұрады. Біздің кафедра оқытушыларының «Медеу» спорт кешені – салауатты өмірді тәпсілі ретінде қазіргі өсіп келе жатқан жастарды тек аудиторияда ғана емес табиғат аясында салауатты өмір салтын дене тәрбиесінің тәсілдері арқылы қалыптастыру мақсатында шығармашылықпен ұштастыруда дұрыс тәлім-тәрбие беруді жылда дәстүрге айналдырып келеді. Осындай іс-шараларды табиғат аясында өткізу әлі де жалғасын табады деген сенімдемін.

А.Т. МАМУРОВА
биоалуантүрлілік және
биоресурстар кафедрасының
аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10198

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.